ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

/Қ Ы С Қ А Ш А/

2023жыл 11 қыркүйек № 3115-23-00-2/1699 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.І.Бөлегенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жамбыл облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы басқармасы» коммуналдық мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мереке» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Алкеева Гулшат Ертаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 -бабын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы басқармасы» коммуналдық мекемесінің жауапкер «Мереке» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Алкеева Гулшат Ертаевнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мереке» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Алкеева Гулшат Ертаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 11.09.2023

Жауапкер «Мереке» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Алкеева Гулшат Ертаевнадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер осы сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа осы шешімді бұзу туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылы 11 қыркүйекте дайын болды.

Судья Г.І.Бөлегенова

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 11.09.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство